

Г.К. Ахметова
М.Д. Шағырбаева
П.Ш. Султанова

Әл-Фараби атындағы ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: mentay77@mail.ru, Sultanova_p_1994@mail.ru)

Инклюзивті білім берудің шетелдік тәжірибесіне шолу

Аңдатпа. Инклюзивті білім беру жүйесіне тиесілі шетелдік заңнамалар елімізге жетіп келгеніне көп болған жоқ. Бұл жүйенің елімізде енгізілуінде, дамуында шетелдік тәжірибелердің үлесі мол. Мақалада дамыған елдердегі инклюзивті білім беру жүйесінің даму тарихындағы жетістіктеріне шолу жасалынады. Артықшылықтары мен кемшілік тұстары зерттеледі. Италия, Швеция, Финляндия, Франция елдерінің инклюзивті білім беру жүйесіндегі ерекшеліктеріне көңіл бөлінді. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім беру жүйесінің қазіргі таңда өзекті мәселелер қатарында екені айқын. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында алдымызға қойылған міндеттерді орындай отырып мақсатымызға жету көзделген. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары көрсетіліп өтілді. Сонымен қатар ғалымдардың зерттеулері, еңбектеріне де шолу жасалынды.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, тәжірибе, шолу, дамыған елдер, зерттеулер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-137-4-168-175>

Кіріспе

Қазіргі күнде әртүрлі факторлар кесірінен дүниежүзіндегі ерекше күтімді талап ететін жандардың саны жоғарылап кетті. Жалпы бүкіл дүниежүзіндегі ерекше күтімді талап ететін адамдардың санын айтпай-ақ, өз еліміздегі көрсеткішке көңіл аударатын болсақ, бұл көрсеткіш адамды қуантарлықтай емес дәрежеде және көрсеткіштер саны жылдан-жылға жоғарылауда. Статистикалық мәліметке жүгіне келе, ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалау агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми сайтындағы мүмкіндігі шектеулі 0 жастан 17 жасқа дейінгі балалардың саны: 2018 жылы 86956 баланы, 2019 жылға келіп мүмкіндігі шектеулі балалар саны 91573-ке

дейін күрт өсті[1]. Бір жыл көлемінде мүмкіндігі шектеулі бала саны 4617 адамға асыпты. Бұл көрсеткіштер тіркелген балалар санына ғана көрсетеді, біздің ойымызша тіркелмегендер де жоқшылық емес.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Балабақшалардың тек 20 %-ы, мектептердің 60 %-ы, колледждердің 30 %-ы ғана инклюзивті білім беру жүйесінде қызмет етуге дайын. Сапалы инклюзивті білім беру жүйесінде мектепке дейінгі жастағы балалардың бар-болғаны 28,2 %-ы және ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар мектеп оқушыларының 46,5 %-ы қамтылған екен. Инклюзивті ортада балаларды психологиялық-пе-

дагогикалық сүйемелдеу үшін мамандардың тапшылығы 64 %-ды құрайтынын» мәлімдейді [2]. Елімізде инклюзивті білім беру жүйесінде қызмет атқаратын кәсіби мамандар саны пайыз көрсеткішінде 36 %-ды ғана құрайды. Бұл көрсеткіштер өте төмен деп айтсақ қателеспеген болармыз. Алдымызда мамандарды осы жүйеде кәсіби білімін арттыру міндеті тұр деген ойға келдік. Сонымен қатар, төмен пайыздық көрсеткіштерге қарамастан, осы бағдарлама аясында елімізде көптеген проблемалар шешімін табуда. Болашақта бағдарлама аясында мынадай міндеттерді орындау жоспарлары тұр:

- білім беру ұйымдары ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар оқушыларға толықтай жағдай жасауды қамтамасыз ету жұмыстарын жалғастыру. Яғни, арнайы жиһаз-жабдықтар, пандустарды орнату, оқу-әдістемелік және оқулықтар кешені, жүйеге арнайы кадрларды дайындау және де т.б.

- ерекше мұқтаж білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық жарақтандырылуы мен цифрлық инфрақұрылымын жақсарту және т.б. міндеттер.

Негізгі бөлім

Инклюзивті білім беру жүйесіне тиесілі шетелдік заңнамалар елімізге жетіп келгеніне көп болған жоқ деп айтуымызға болады. Бұл жүйенің елімізде енгізілуінде, дамуында шетелдік тәжірибелердің үлесі мол екені белгілі. Сол себепті дамыған елдердегі инклюзивті білім беру жүйесінің дамуы барысындағы жетістіктеріне шолу жасамақпыз. Артықшылықтары мен кемшілік тұстарын зерттей отырып салыстырмалы талдау жасайтын боламыз.

Шетелдік тәжірибеге жүгінетін болсақ, алғашқы ерекше күтімді талап ететін оқушыларға арналған мектеп 1578 жылдары Испания елінде пайда болыпты. Ол мектептер есту қабілетінде кемшілігі бар балаларға арналды. Франция елінде 1670 жылы ашылды. XIX ғасырда ақыл-есінде кемістігі бар балаларды оқыту басталды. Мұндай балаларды оқытудың алғашқы педагогикалық эксперименттерін

1871 жылы Норвегияда Хансен мен Липпестад есімді ғалымдар жүргізген болатын [3].

Елімізде ерекше күтімді талап ететін жандарға Конституциямызда туғанынан бастап әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тексерулерді, білім алуды ақысыз пайдалану құқығы берілген және де «Мүмкіндігі шектелген балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау туралы», Қазақстан Республикасында «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік қорғау туралы» және де басқа заңдарында бекітілген.

Р.А. Сүлейменова мен Г.Д. Хакимжанова мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған мекемелерде жүргізілген тәжірибесін талдау жасай келе жұмыстарының ортақ тенденциясы мен қағидаларын анықтауға мүмкіндік берді. Оқытушылардың көп мән беретін мәселелері:

- түзете-дамыту мен оңалту бағдарламаларын жүзеге асыру мен жоспарлау кезінде зиятының даму деңгейін, қажеттіліктерін және физиологиялық функцияларын бағалауына;

- оңалту және оқыту бағдарламасын кешенді жүзеге асыруына;

- бірлескен және қарым-қатынас жасауда, оқыту мен тәрбиелеуде ата-аналар мен қалыпты деңгейдегі баланың қатысуы;

- отбасына психологиялық қолдау көрсету [4].

Оқытушылар құрамы түзете-дамыту, оңалту және оқыту бағдарламаларын кешенді түрде біріктіре отырып ата-аналармен қарым-қатынас жасай отырып өз қызметтерін атқарады. Әрбір баланың бойындағы жеке ерекшеліктерін ескеруді ұмытпағаны жөн.

З.А. Мовкебаева, А.Т. Искакова, А.Б. Айтбаева, Г.Закаева, А.А. Байтурсынованың «Инклюзивті білім беру негіздері» атты еңбегінде Мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру жүйесінің шетелдік тәжірибесінде өте дамыған және дамымаған елдерді атап өтті. Соған орай, қамтамасыз ету саласында өте жақсы дамыған заңнамасы бар елдердің арасынан келесі елдерді атап өтті. Олар: *Уганда, АҚШ, Үндістан, Швеция, Ұлыбритания, Норвегия, ОАР, Мальта, Испания, Кипр, Канада, Дания, Исландия, Нидерландия, Норвегия, Италия*

1970 жылдан бастап қолдайды. Және де жылдам өзгерістер әлемнің дамымаған елдерінде де байқалды. Бұл елдер: *Лоас, Вьетнам, Иордания, Уганда, Египет, Йемен, Марокко, Лесото, Палестина*[5].

Жоғарыда аталған бірнеше елдердің инклюзивті білім беру жүйесіне зерттеу жасап, еліміздің инклюзивті білім беру жүйесімен салыстырмалы талдау жасау арқылы талқыласақ.

Италия. Италия елінің тәжірибесіне көз салатын болсақ, бұл елде инклюзивті білім беруді дамытудың алғашқы бастауы XX ғасырдың ортасы болып есептеледі.

Алғашында Италия елінде мүмкіндігі шектеулі жандарға білім беру мәселесі ұзақ уақыт бойы шектен тыс қалып жүрді, бірақ жалпы білім беретін мектептерде оқитын ерекше білім беруді талап ететін жандар саны 90% - дан асып кетті. 1928 жылдан бастап міндетті білім беру соқыр және мылқау балаларға, егер олардың басқа кемшіліктері болмаса мектептерде оқу мүмкіндігі болды. Ғалымдардың пікірінше, Италия елі әлемнің басқа елдерінде білім берудің инклюзивті моделінің апробациясы жүргізілген алаңға айналды. Италия елі алғашқы ерте кезеңді «жабайы интеграция» кезеңі деп атады. Бұл кезеңнің басты мақсаты балаларды социумға дайындау және мектепке адаптацияландыру болды. Мүмкіндігі шектеулі жандардың ерекшеліктерін қабылдау және оларды құрметтеуді де ұмытпады. Уақыт өте, 1977 жылы «ерекше қажеттіліктері бар балалардың жаппай мектептерде оқуға құқығы» туралы заң қабылданды. Заң аясында педагогтардың мақсаты білім алушылардың жеке басын қалыптастыруды жылдамдатуға бағытталған өзгерістер енгізілді. Заңмен белгілі стандарттар белгіленді. Соған орай, бір сыныпта оқушылар саны 20 адамды құрайды, ол сыныптарда ерекше күтімді, ерекше білімді қажет ететін білім алушылар саны 2 адамдан аспауы тиіс.

Сыныпта арнайы педагог пен мектеп мұғалімдері бір топ болып өзара әрекеттестікте қызметтерін атқарды. Мектептерде арнайы бағдарламамен жұмыс жасайтын сыныптар жойылды, ерекше қажеттіліктері бар бала-

ларды қолдау жөніндегі арнайы іс-шаралар сыныптағы сабақтарда жүріп отырды. Сыныпта мүмкіндігі шектеулі саңырау немесе соқыр оқушы болған жағдайда бүкіл сынып оқушылары ымдау тілін немесе Брайль алфавитін үйренуі қажет болды[6]. Балаларда адаптация процесі табысты қамтамасыз етілуі үшін маңызды факторларды сақтау міндетті деп саналды. Осы факторларға бүкіл мамандар тобының қызметі кірді: логопед, сынып жетекшісі, дәрігер, медбике, психолог, арнайы педагог және әлеуметтік қызметкер[7].

Осы елде АҚШ-тағы сияқты, оқушылардың оқу процесіне тиесілі материалдарды игеру бойынша біріккен жұмыс түрінде өзара қолдауға көп көңіл бөлінді. Соған қарамастан, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беретін мектепке қосуда мәселелер туындап отырды. Олардың бірі - бұл балаларды жоғары сыныптарда академиялық пәндерді оқыту және де т.б[8].

Финляндия. Финляндия елінің білім беру жүйесі шетелдік өте жақсы дамыған елдердің қатарында екені көпшілікке белгілі. Бұл елде инклюзивті білім беру жүйесін енгізілуі де оңайға соқты. Инклюзивті білім беру жүйесі 20 жыл бойы дамып келеді және ғылыми зерттеулермен сүйемелденеді. 2008 жылы білім беру мекемелерінде инклюзия қағидаттарын қолдану саясаты қабылданды. Солардың бірекі ережелерін атап өтсек:

- мемлекетте білім алушыларды қолдайтын үш деңгейлі жүйе енгізілген;
- жалпы білім беретін мектеп штатында медбикелер, арнайы педагог, педагог көмекшісі, әлеуметтік қызметкерлер бар;
- есту қабілетінде кемістігі бар білім алушыларға сурдоаудармашы, басқа білім алушыларға педагог көмекшісі біріктірілді;
- жалпы мектепте балалардың әрбірі өз мүмкіндіктеріне сәйкес білім алады;
- баланы оқытудағы мәселелерді тек әлеуметтік педагог ғана емес, сонымен қатар мектептің бүкіл педагогикалық ұжымы шешеді;
- ерекше күтімді қажет ететін білім алушыларды алғашқы мектепке берер кезде ата-аналарына кеңес беріледі, олар баланың

қай сыныпта оқитынын - мамандандырылған немесе жалпы болатындығын шеше алады;

- ЖОО-ның педагогтарын даярлауға мыналар кіреді: мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасау әдістеріне оқыту, мектептің басқа мамандарымен командалық жұмыс жасауға үйрету, оқушыларға жеке бағдарламалар жасауға үйрету[9].

Финляндияның негізгі жалпы білім беретін мектебіндегі кез келген бала ережелері 2010 жылы Нормативтік бекітілген қолдаудың үш түрінің біріне құқылы.

Бірінші деңгей - жалпы қолдау. Оны сынып мұғалімі жүзеге асырады. Бұл кез-келген бала, мысалы, аурудан кейін кездесетін әртүрлі оқу қиындықтарын жеңуге көмектеседі. Педагог ата-аналармен және мектеп мамандарымен проблемаларды талқылайды, содан кейін оқушымен қосымша жұмыс істейді, мектеп бағдарламасын игерудегі олқылықтарын жоюға тырысады. Егер жалпы қолдау жеткіліксіз болса, екінші деңгейлі қолдауға жүгінісіз.

Екінші деңгей - қарқынды қолдау. Оның қажеттілігі туралы шешімді көп салалы команда қабылдайды. Қарқынды қолдау жұмыс арнайы педагогпен, әлеуметтік қызметкермен, мұғалімнің көмекшісімен бірлесіп жүргізілген кезде бірлесіп жұмыс жасау арқылы жүзеге асырылады. Оқушы үшін жеке оқу жоспары жасалады. Бұл бағдарламаның мақсаты - жеңуге көмектесу, сәтсіздікті алдын-ала болжау және жеңу. Егер баланың проблемалары алты айда шешілсе, онда оны қолдаудың бірінші деңгейіне ауыстыруға болады, егер жоқ болса, олар үшінші деңгейге - арнайы қолдауға көшеді.

Үшінші деңгей - арнайы қолдау. Баланы осы деңгейге ауыстыру туралы шешім білім Комитетінің комиссиясы жүргізетін медициналық-психологиялық тексерудің нәтижелері бойынша қабылданады. Үшінші деңгейде бала 8-10 адамнан тұратын арнайы сыныпта оқиды, онда арнайы педагог онымен айналысады. Білім алушылар 11 жыл ішінде негізгі 9 жылдық білімді алып шығады[9].

Швеция. Швеция елінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылар жалпы мектептерде оқу құқығы заңмен бекітілген. Мемлекет та-

рапынан әлеуметтік және қаржылай көмек көрсетіледі. ЖОО-да педагогтарды дайындау бағдарламаларында арнайы білім беру бойынша міндеттелген 15 кредиттан тұратын курстардан өтеді.

Муниципалды деңгейде мүмкіндігі шектеулі балаларды қарапайым сыныпқа қабылдау тәжірибесі бар, ал аптасына бірнеше сағат бойы олар жеке топта арнайы педагогпен айналысады. Арнайы педагог баланы тек қарапайым сыныпта толық оқи алатындай етіп дайындауды өзінің негізгі мақсаты деп санайды. Егер мектепте мүмкіндігі шектеулі білім алушыда қандай да бір проблемалар болса, жағдайды зерттейтін және шаралар қабылдайтын құрам жиналып мектепте педагогикалық кеңес жүргізіледі. Мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын сыныптар мен топтарда 2 педагог жұмыс істейді. Швецияда мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беруді ұйымдастырудың негізгі мәселелері осындай оқытуды жүзеге асырудың тәсілдері мен түсінуіне жалпы көзқарасты қалыптастыру болып табылады[10].

Франция. Франция елінің арнайы білімі күш-қуатын дамуында кемістігі бар балаларды жалпы білім беретін мектепке барынша көп интеграциялауға бағыттайды. Ерекше күтімді талап ететін балаларды жалпы білім беретін мектеп үдерісіне ендіру 4 нұсқада жүзеге асты:

1-нұсқа: Бала әдеттегі мектеп бағдарламасымен оқиды, бірақ, мектепте және мектептен тыс уақытта оған қосымша қызметтер ұсынылады: емдік процедуралар, тәрбиелік сипаттағы іс-шаралар т.б. Мысалы, тірек-қозғалыс аппараты бұзылған бала әдеттегі сыныпта оқиды және осы мектепте немесе жақын жерде орналасқан бейімдеу орталығына барады.

2-нұсқа: Бала әдеттегі мектеп бағдарламасымен оқиды, қосымша күтімді пайдаланады және қосымша арнайы бағдарламамен оқиды. Мысалы, көзі көрмейтін бала әдеттегі мектепте оқиды және сабақтарды дайындауда көмек алады, қосымша сабақты мұғаліммен орындайды, кеңістікке бағытталу бойынша сабақтарға және басқа да арнайы түзету-дамыту сабақтарына қатысады.

3-нұсқа: Негізгі мектеп уақытында бала арнайы бағдарлама бойынша арнайы сыныпта оқиды (әдетте, бұлар психикалық дамуы тежелген балалар). Басқа уақытында өз жасындағы оқушылармен бірге әдеттегі бағдарлама бойынша оқиды.

4-нұсқа: Бала тек арнайы сыныпта және арнайы бағдарламамен ғана оқиды (әдетте, бұл балалар ақыл-ойында кемістігі бар балалар). Сонымен қатар, олар мектеп өміріне тікелей қатысады: бірге таңғы ас ішу, тәрбиелік сипаттағы іс-шаралар мен демалыстарға бірге қатысу, спорттық және басқа да іс-шараларға қатысады[4].

Жоғарыда инклюзивті білім беру жүйесі жақсы дамыған Италия, Финляндия, Швеция және Франция елдерінің тәжірибесіне көз жүгірттік. Әрбір елде бұл жүйенің дамуына ерекше көңіл бөлетіні сөзсіз. Біздің де елдің үлгі аларлықтай дүниелер бар екені баршылық. Италия елінде инклюзивті білім беру жүйесін енгізуге байланысты алғашқы бастаулар эксперименттерімен дәлел. Әрбір оқушыға ерекшеліктерінен келіп шығып жеке оқу бағдарламасы әзірленеді және әдіс-тәсілдер қолданылады. Сүйемелдеу мамандары тобы әрқашан көмекке дайын. Финляндия елі болашақ мұғалімдерді даярлауға әрқашан ерекші көңіл бөледі. Жоғары оқу орнында оқу барысында болашақ мамандар теориялық қана емес, тәжірибелік білім, біліктіде меңгереді. Арнайы педагогтар ата-аналармен тығыз қарым-қатынас жасай отырып өз кеңестерін беріп отыратыны өте жақсы. Швеция елінде бір топта 2 педагог жұмыс жасайды. Топта қандайда бір проблемалар туындаған кезде, педагогикалық кеңес өткізіліп, талқыға салынады екен. Франция елінде инклюзивті білім беру жүйесі 4-нұсқа көрінісінде жүріп отырады екен. 4-нұсқаның қайбірі білім алушыға сай келетінін арнайы педагог білім алушының бойындағы ерекшеліктерін ескере отырып тандайды.

А.К. Құсайынов., А.Х. Арғынов., Р.А. Жумаканованың «Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования» атты еңбегінде Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мыналар:

1. Ұйымдастыру бағыты;
2. Нормативтік-құқықтық базаны құру;
3. Қаржылық қамтамасыз ету;
4. Бағдарламалық-әдістемелік және дидактикалық қамтамасыз ету;
5. Кадрлық қамтамасыз ету;
6. Қоғамның мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатынасын өзгерту;
7. Кәсіби-еңбектік дайындық;
8. Ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын бөлу болып табылады делінген[11].

Ғалымдар зерттеулер нәтижесін қорытындылай келе жоғарыдағы бағыттарды атап өтті. Бағыттарға талдау жасайтын болсақ, ұйымдастыру бағыты ең бірінші орында тұратын мәселелердің бірі болып табылады. Ұйымдастыру кезеңінде нақты жоспар, мақсат, міндеттер, болжам айқындалуы тиіс. Дұрыс ұйымдастырылмаған әрекеттің нәтижесі де болмайды. Нормативтік-құқықтық базаның бастауы баршылық. Бірақта тағы да назардан тыс қалыпжатқан мәселелер бар екенін ұмытпағанымыз жөн. Қаржылық қамтамасыз ету мәселесі оңай емес мәселелердің бірі. Бірақта Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жүйесінің дамуында шешеуші рөлді атқаратын бағыттардың бірі болып есептеледі. Кадрлық қамтамасыз ету мәселесі осы күнге дейін елімізде өзекті мәселелердің бірі болып қалуда. Жоғарыда да бұл мәселе жайлы ой қозғадық. Елімізде арнайы кадрларды дайындау мақсатында нақты бір жүйенің енгізілуі керек деп есептейміз. Бағыттардың ішінде қоғамның ерекше күтімді талап ететін жандарға қатынасын өзгерту мәселесі де бар. Бұл мәселе қазіргі таңда өз шешімін табуда. Әлеуметтік орта біраз уақыт өте келе өз көзқарастарын өзгертеді деген ойдамыз.

Қорытынды

Қорытындылай келе, шетелдік инклюзивті білім беру жүйесіне шолу жасай отырып еліміздегі нақты шешілуі тиіс мәселелерге де назар аудардық. Соған орай, Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері бойынша, инклюзивті білім беру идеясы елімізде үш негізгі себеп бойынша дамымайды екен. Олар:

- қоршаған ортаның балаларды қабылдауға дайын еместігі;
- педагогтардың дайын еместігі;
- мектеп әкімшілігінің, мұғалімдердің, сондай-ақ ата-аналардың және мектеп оқушыларының осындай идеяға қатынасы.

Бұл себептер зерттеулер арқылы айқындалған болатын. Инклюзивті білім беру жүйесі аса жақсы дамыған елдерді Италия, Швеция, Финляндия және Франция тәжірибесін зерттей келе, үлгі аларлықтай біршама дүни-

елер бар екеніне көзіміз жетті. Елімізде көптеген жұмыстар жасалуда инклюзивті білім беру жүйесін дамыту мақсатында. Бағдарламалар әзірленген.

Жоспар, мақсат және міндеттері айқын. Соған қарамастан, елдегі басты мәселелер әлеуметтік, экономикалық немесе қаржылық және кадрлардың жетіспеушілігі мен олардың қазіргі таңда толықтай жүйеге дайынсыздығы атты мәселелер өз шешімін табуды жалғастыруда деген пікірде тоқтадық.

Әдебиеттер тізімі

1. Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам РК. - URL: <https://bala.stat.gov.kz/kz/chislennost-detej-invalidov-ot-0-do-17-let-vklyuchitelno/> (дата обращения: 15.03.2021).
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. - URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/history> (қаралған күні: 15.03.2021).
3. Магауова А.С., Махамбетова Ж.Т. Деятельность социального педагога в условиях инклюзивного образования. Учебно-методическое пособие. - Алматы: Қазақ университеті. - 2020 – 188 с.
4. Ғ.Ә. Абаева., К.Ж. Төребаева., Г.С. Оразаева., Ж.Ж. Қартбаева. Арнайы педагогика: оқулық. – Қарағанды, 2019 – 262 б.
5. А.Т. Искакова., З.А. Мовкебаева., Г.Закаева., А.Б. Айтбаева., А.А. Байтурсынова. Инклюзивті білім беру негіздері. Оқу құралы. – Алматы: ЖК «Балауса» - 2016. – 320 б.
6. Алехина С.В., Семаго Н.Я., Фадинова А.К. Инклюзивное образование. Выпуск 1. – М.: Центр «Школьная книга», 2010. – 300 с.
7. Грозная Н.С. Инклюзивное образование за рубежом от мечты к реальности // Обзор материалов специального выпуска журнала «International Journal of Inclusive Education». - 2011. - № 1.
8. Выготский Л.С. Педагогическая психология. – М.: Психолог, 2001. – 536 с.
9. Инклюзия, которая работает: мировой опыт [Электрон.ресурс]. – 2019. – URL: <https://activityedu.ru/Blogs/international/inklyuziya-kotoraya-rabotaet-mirovoy-opyt/> (дата обращения: 15.03.2021).
10. Федеральный закон Российской Федерации от 29 декабря 2012 г. N 273-ФЗ // Российская газета – Федеральный выпуск. - № 5976, 31.12.2012.
11. Кусаинов А.К., Аргынов А.Х., Жумаканова Р.А. Профессиональная подготовка взрослого населения в области инклюзивного образования. Методическое пособие. – Алматы: АПН Казахстана, - 2008. – 120 с.

References

1. Bjuro nacionalnyj statistiki Agenctva po strategicheskemu planirovaniju i reformam RK [Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan]. Available at: <https://bala.stat.gov.kz/kz/chislennost-detej-invalidov-ot-0-do-17-let-vklyuchitelno/> (Accessed: 15.03.2021).
2. Kazakstan Respublikasi Ukimetining 2019 zhylgy 27 zheltoqsandagy kaulysy. Kazakstan Respublikasinda bilim berudy zhane gylmydy damytudyn 2020 – 2025 zhylydarga arналган мемлекеттін бағдарламасын бекіту туралы [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated September

27, 2019 No. 988. Development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020-2025]. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988/history> (Accessed: 15.03.2021).

3. Magauova A.S., Maxambetova Zh.T. Deyatel'nost' social'nogo pedagoga v usloviyax inkluzivnogo obrazovaniya [The activity of a social pedagogue in the context of inclusive education]. Educational and methodical manual (Kazak universiteti, Almaty, 2020, 188 p.).

4. Abaeva G.A., Torebaeva K.Zh., Kartbaeva Zh.Zh. Arnaiy pedagogika [Special pedagogy]. Textbook (Karagandy, 2019, 262 p.).

5. Iskakova A.T., Movkebaeva Z.A., Zakaeva G., Aytbaeva A.B., Baytursynova A.A. Inkluzivti bilim beru negizderi [The basics of inclusive education]. Study guide («Balausa» Almaty, 2016, 320 p.).

6. Alexina S.V., Semago Y.Ya., Fadina A.K. Inkluzivnoe obrazovanie. Is. 1. («Shkolnaya kniga», Moscow, 2010, 300 p.).

7. Groznaya N.S. Inkluzivnoe obrazovanie za rubejom ot mecht'y k real'nosti [Inclusive education abroad from dream to reality], Obzor materialov special'nogo vypuska jurnala «International Journal of Inclusive Education» Review of the materials of the special issue of the journal «International Journal of Inclusive Education», 1, 2011.

8. Vygotskiy L.S. Pedagogicheskaya psixologiya [Pedagogical psychology] (Psixolog, Moscow, 2001, 536 p.).

9. Inkluziya, kotoraya rabotaet: mirovoy opyt Inclusion that works: world experience. – 2019. Available at: <https://activityedu.ru/Blogs/international/inkluziya-kotoraya-rabotaet-mirovoy-opyt/> (Accessed: 15.03.2021).

10. Federal'nyj zakon Rossiyskiy Federatsiy ot 29 dekabrya 2012g. N 273 – FZ [Federal Law of the Russian Federation No. 273-FZ of December 29, 2012], Rossiyskaya gazeta – Federal'nyj vypusk [Rossiyskaya gazeta. Federal issue]. No 5976, 31.12.2012.

11. Kusainov A.K., Argynov A.X., Zhumakanova R.A. Professional'naya podgotovka vzroslogo naseleniya v oblasti inkluzivnogo obrazovaniya [Professional training of the adult population in the field of inclusive education]. Methodical manual (APS of Kazakhstan, Almaty, 2008, 120 p.).

Г.К. Ахметова, М.Д. Шагырбаева, П.Ш. Султанова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Обзор зарубежного опыта инклюзивного образования

Аннотация. Зарубежное законодательство в рамках системы инклюзивного образования еще не в достаточной мере изучено в нашей стране. Большой вклад в развитие и внедрение этой системы может внести зарубежный опыт. В статье дается обзор достижений в истории развития системы инклюзивного образования в развитых странах. Изучаются их достоинства и недостатки. Особое внимание было уделено опыту в системе инклюзивного образования таких стран, как Италия, Швеция, Финляндия, Франция. Очевидно, что система инклюзивного образования в Республике Казахстан в настоящее время является одной из актуальных проблем. В рамках государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы намечено достичь поставленной цели. Были обозначены основные направления развития инклюзивного образования в Республике Казахстан. Также был проведен обзор исследований, трудов ученых.

Ключевые слова: инклюзивное образование, практика, обзор, развитые страны, исследования.

G.K. Akhmetova, M.D. Shagyrbaeva, P.Sh. Sultanova

*Branch of JSC «National Center of Professional Development «Orleu»
Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

Overview of international experience in inclusive education

Abstract. Foreign legislation, which belongs to the system of inclusive education, has not reached our country so much. Foreign experience has made a great contribution to the development and implementation of this

system in our country. The article provides an overview of the achievements in the history of the development of the system of inclusive education in developed countries. Advantages and disadvantages are studied by the authors of the article. Special attention was paid to the peculiarities of the countries of Italy, Sweden, Finland, and France in the system of inclusive education. It is obvious that the system of inclusive education in the Republic of Kazakhstan is currently one of the most pressing problems. Within the framework of the state program for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020 - 2025, it is planned to achieve this goal by fulfilling the tasks set before us. There were outlined the main directions of the development of inclusive education in the Republic of Kazakhstan. The article provides a review of the study, works of scientists.

Keywords: Inclusive education, practice, review, developed countries, research.

Авторлар туралы мәлімет:

Ахметова Г.К. – п.ғ.д., профессор, «Өрлеу» БАҰО» АҚ, Атырау, Қазақстан.

Шагырбаева М.Д. – п.ғ.к., доцент м.а., «Педагогика және білім беру менеджменті» кафедрасының аға оқытушысы, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Өл-Фараби даңғ., Алматы, Қазақстан.

Султанова П.Ж. – **корреспонденция үшін автор**, «Педагогика және психология» мамандығының 2 курс магистранты, Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Өл-Фараби даңғ., Алматы, Қазақстан.

Akhmetova G.K. – Doctor of Pedagogical Sciences, professor, Branch of JSC «National Center of Professional Development «Orleu», Atyrau, Kazakhstan.

Shagirbaeva M.D. – Candidate of Pedagogical Sciences, Acting Associate Professor, Senior Lecturer of the Department of «Pedagogy and management of education», Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Sultanova P. Sh. – **Corresponding author**, The 2nd year master student in Pedagogy and Psychology, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.